**2021-2022 оқу жылында инклюзивті білім алушы Аюпов Нұржауғанмен жүргізілген жұмыстарға психологиялық талдау**

Қаражар орта мектебі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің арнайы педагог-психологі А.Б.Хибина жоспарға сәйкес оқуда қиындығы бар оқушы диагнозы (ОНР III) Аюпов Нұржауғанмен диагностикалық жұмыс жүргізіп, сабақтан тыс уақытта түзету-дамыту сабақтарын жүргізіп отырды. Жұмыстар бойынша оқушының мінез-құлқы зерттеліп, нәтижесінде оқушының мінезі салмақты, байыпты екені анықталды.Нұржауғанға бақылау картасы арналып, үнемі оқушының сыныптағы көңіл-күйі зерттеліп, бақылау картасы толтырылып отырылды. Және ата-анасымен үнемі байланыста болып, әлеуметтік жағдайы да бақыланып отырды. Ата-анасына баламен көп әңгімелесу арқылы баланың ойлау қабілетіне, сөз мәнеріне, көңіл-күйлеріне мән беріп отыруға кеңестер берілді. Сонымен қатар сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне оқушының сабаққа қызығушылығы мен сабаққа қатысымын жіті бақылауға алынуына ұсыныстар жасалды. Қандай да бір оқу жағынан қиыншылық келтіріп жүрген жағдайлар болса оқушыға қызықты әрі жеңілдетілген жұмыстар жүргізіліп тұруына ұсыныстар жасалды.Нұржауғанды әлеуметтік бейімдеу боынша түрлі іс –шараларға тартып отырдық. Атап айтар болсақ «Көктемнің алғашқы мерекесі»республикалық байқауында **«Мерекеге сурет»** номинациясының жүлдегері атанды.**Жарқамыс орта мектебінде Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған қазақ күресінен 32 салмақ дәрежесінде I орынға ие болды.Қашықтан өткізілген Республикалық «Шексіз өмір фестивалінің II дәрежелі дипломы мен марапатталды.Осындай жақсы нәтижеде көзге түсіп ерекшеленгені үшін,тілінде кездескен ақаулықтардың жойылуына байланысты инклюзивті білім беру тізімінен 05.05.2022 шығарылды. Аюпов Нұржауған 2022 жыл** және де жыл бойы Нұржауғанның зерттеу жұмысында шығарылған қорытындылар бірлескен мамандармен талқыланып, талдау жасап отырылды.

**Мектеп психологі:** Хибина - **А.Б.Хибина**